



## 25 қаңтарда елордада Универсиада алауы жағылады

25 қаңтарда елордада 28-ші Бүкіләлемдік қысқы Универсиада алауы жағылады. Бұл туралы бүгін ҚР Үкіметінің селекторлық режимдегі отырысында еліміздің Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Универсиаданы ақпараттық тұрғыдан қолдау жұмыстарын арнайы медиа жоспарға сай жалғастыруда. Жоспар аясында еліміздің барлық мемлекеттік ақпарат құралдарында аталған шараға қатысты материалдар жүйелі түрде жарық көруде», - деді ол.

Министрдің айтуынша, бұл жұмыстармен республикалық телерадиолар, газет-журналдар мен интернет ресурстар және тұтас өңірлік масс-медиа қамтылып отыр. «Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін тіркеу рәсімі толық аяқталды. Баршаңызға мәлім, 25 қаңтарда елордада Универсиада алауы жағылады. Министрлік бұл шараны жұртшылық назарына кеңінен ұсынуды жоспарлауда. Оған «Қазақстан» және «Хабардың» Астана мен Алматыдағы және облыстардағы барлық техникалық ресурстары тартылатын болады», - деді Абаев.

Айта кетейік, 2017 жылдың 28 қаңтары мен 8 ақпаны аралығында Алматыда өтетін 28-ші Бүкіләлемдік қысқы Универсиада ойындарына әлемнің 59 елінен 2 мыңнан астам спортшы қатысады. Байрақты бәсекеде ел намысын 168 спортшы қорғайтын болады.

Сейсенбіде ҚР Үкіметінің селекторлық режимдегі отырысында Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев Алматыда өтетін 28-ші Бүкіләлемдік қысқы Универсиадаға байланысты бірқатар мемлекеттік органға нақты тапсырмалар жүктеді.

«Бүгінгі баяндамалардан білгеніміз, Алматы қаласы Бүкіләлемдік қысқы Универсиада ойындарын өткізуге негізінен дайын. Универсиада ірі спорттық сайыс қана емес, сонымен бірге еліміздің абырой-беделіне қатысы бар маңызды шара. Сол себептен де Алматы қаласы әкімдігі қабылдап жатқан кейбір мәселелерге алматылықтар түсіністікпен қарайды деп ойлаймын. Ол енді уақытша ғана кемшіліктер болуы мүмкін», - деген Үкімет басшысы бұл байрақты бәсекеңіз жоғары деңгейде өтуіне бәріміз атсалысуымыз қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар Премьер-Министр бірқатар нақты тапсырмалар берді. «Алматы қаласының әкімдігі Инвестициялар және даму министрлігімен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен бірге көліктік-логистика мәселелерін, Универсиаданың жаңа нысандарының қауіпсіздік талаптары мен стандарттарына сай жұмыс істеуін тағы бір тыңғылықты пысықтауы тиіс. Ішкі істер министрлігі адамдар жаппай жиналатын нысандардағы, қонақ үйлер мен қоғамдық орындардағы, қоғамдық көліктердегі өрт қауіпсіздігі жай-күйіне бақылауды күшейтуі қажет. Жалпы, ІІМ-ге қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді тапсырамын», - деді Сағынтаев.

Үкімет басшысы Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне ақпараттық-имидждік жұмыстарға баса назар аударуды жүктеді. Ал Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне Универсиада кезінде медициналық қызмет көрсетуге айрықша мән беру тапсырылды.

## Қызметкерлерге сертификат табысталды

Қостанай облысы әкімдігі тілдерді дамыту басқармасының «Тілдерді оқытудың облыстық орталығының» ұйымдастыруымен «Достық» үйінде мемлекеттік тілді оқыту курсы аяқтаған қызметкерлерге сертификат табысталды.

Тілдерді дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ахметов Қазымбек Жармағамбетұлы іс-шараны ашып, қызметкерлерді құттықтады.

Қостанай облысы Ішкі істер

департаментінің мемлекеттік және ағылшын тілдері курсы аяқтаған 63 қызметкері сертификатқа ие болды. Олар Қостанай облысы ІІД Штаб басқармасы, Жол-патрульдік полициясы, Әкімшілік полиция басқармасы, Жергілікті полиция басқармасының қызметкерлері.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мемлекеттік тілді үш жыл оқып, оқу деңгейлері бойынша емтихан тапсырды. Емтиханды үздік тапсырған ІІД аппаратының басшылары мен қызметкерлері мемлекеттік тілді

меңгеріп, өз білімдерін растады. Солардың қатарында ІІД Ақпараттық-аналитикалық орталығының бастығы Нұрлан Естайұлы Байқасовты, ІІД Өзіндік қауіпсіздік басқармасының жедел уәкілі полиция майоры Ерлан Жұмабекұлы Әлиақпаровты (суретте) атап өтуге болады. Нұрлан Естайұлы «үздік диктант» байқауының жүлдегері атанды. Аталмыш іс-шарада ол сертификатпен қатар, марапаттау қағазына ие болды.

Бүгінгі таңда облыстық Ішкі істер департаментінде қызметкерлерге қазақ және ағылшын тілдерін оқыту

курстары жалғасуда. Аталмыш іс-шарада қызметкерлер өз білімдерімен қатар, өз өнерлерін де көрсетіп жатты. Қазіргі кезде Қостанай облысы Ішкі істер департаментінде мемлекеттік тілде дөңгелек үстел, семинарлар, концерттік іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілуде.

Елбасы 2020 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгергендердің қатары 95 пайызға дейін жететін болады деп айтқан болатын. Еліміз егемендігін алғалы мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған ана тіліміз – қазақ тілі

қанатын кеңге жайып келеді.

ІІД Мемлекеттік тіл және ақпарат бөлімінің алға қойған мақсаты - мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, өзге ұлт өкілдері арасында қазақ тілін білу деңгейін көтеру және оқып үйренуге деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімін ояту болып табылады.

**Асеман ТҮГЕЛБАЕВА,**  
Қостанай облысы  
ІІД МТЖАБ жетекші маманы

## Балуандарымыз жеңіспен оралды

2016 жылғы желтоқсанның 22-24 аралығында Ақтөбе қаласындағы Қарғалы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Ақтан батырдың жүлдесіне арналған еркін күрестен VI турнир ұйымдастырылған болатын.

Ақтан Батыр руы Қаракесек, Хиуа және Қоқан хандығының басқыншылығына қарсы халық-азаттық қозғалысын басқарған Жанқожа батырдың серігі. 1770-1854 жылдары өмір сүрген. Ақтан батыр Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Түлкіқашқан деген жерде (Сырдарияның Тілесарық тармағы бойында) 1770 жылы дүниеге келген. Хандықтың құлдырауына байланысты, Ресейге қарасты болса да Хиуа және Қоқан хандығы қазақтарға шабуыл жасауды тоқтатқан жоқ. Осы ауыр кезеңде Жанқожа батырға өңірде барлық болып жатқан соғыстарға бастау болатын Хиуа қамалын жою жүктелді. Ақтан батырдың басқаруымен өткізілген шабуыл арқасында Хиуа қамалы құлады. 1853 жылы патша әкімшілігі Сырдарияда қатаң колониалдық тәртіп орнатқанына байланысты халықтың осы жағдаймен келіспеушілікті тудырды. 1852 жылғы желтоқсан айында жергілікті тұрғындарынан жер телімдерін алып қоюына байланысты Сырдария қазақтары Жанқожа батырдың басшылығымен көтеріліске бел буды. Жаңақала қамалы олардың орталығына айналды. Ақтан батыр Бесқала қамалын алған кезде аса батырлық танытты. Ақтан Батырдың зираты Ақтөбе облысы, Тебенсай жерінде орналасқан. 1997 жылы батырдың туған жерінде кесенесі бой көтерді.

Директор Қ. Ерназаров басқаратын «Қаракесек Ақтан батыр» Қоғамдық Қорының қолдауымен өткізілген жарысқа Атырау облыстық Есет батыр атындағы спорт интернаты, №4 облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер олимпиада резервінің мектебі, Шұбарқұдық кенті, Хромтау қаласы, Алға, Қобда аудандары, Қарғалы БЖСМ мықты командалары қатысты.

Осы турнирге ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының курсанттары қатысып жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Мәселен, Жолдасбек Ануаров (3-курс) 97 келі салмақ дәрежесінде, Айбар Ошақбай (2-курс) 66 келі салмақ дәрежесінде 1-ші орынды жеңіп алса, Азат Уразбаев (2-курс) 66 келі салмақ дәрежесінде 2-ші орынды, ал 3-курс курсанты Мақсат Жаппар 74 келі салмақ дәрежесінде 3-ші орынды иеленді.

Жеңімпаздарға еркін күрес федерациясының белдіктері табыс етілді. Сонымен қатар 3-курс курсанттары Ринат Тезекбаев, Данияр Елемес, Әлжан Алтынбек төрешілікке қатысқаны үшін мадақталармен марапатталды.

**А. АҚЫЛБЕКОВ,**  
полиция полковнигі,  
ҚР ІІМ Қостанай академиясы  
ЖЖДД кафедрасы



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНАН ХАБАРЛАЙДЫ:

## “Қазақстанның құрметті заңгері” атағы берілді

Өткен аптада Қостанай облыстық сотында сот төрағасы Асламбек Мерғалиевтің, сот алқалары төрағалары Арман Шамшиев пен Владимир Долгихтің, судьялардың, сонымен қатар Қостанай облысы Әділет департаментінің басшысы Бауыржан Ерімбетовтың қатысуымен салтанатты жиын өтті.

Бауыржан Ерімбетов «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі атынан салтанатты түрде облыстық сот төрағасы Асламбек Мерғалиевке “Қазақстанның құрметті заңгері” төсбелгісін табыстады.

Белгіні тапсырған Б.Ерімбетов құрметті заңгер атағына ие болу үлкен мәртебе екендігін айта келе: «Бұл атақ Қазақстанның мемлекеттілігін бекітуге, құқықтық мемлекет орнатып, адамның заңды мүддесі мен бостандығын қамтамасыз етуде айтарлықтай үлес қосқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, атақты заңгерлерге табыс етіледі», - деді.

Сонымен қатар, қызметінде белсенділік танытып, заңгерлер қоғамдастығының қызметіне еңбек сіңіргені үшін алғыс хатымен Қостанай облыстық сотының судьясы Сергей Нуров және облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Майра Сәлкеева

марапатталды.

Кездесу барысында облыс соттарының 240 маманы «Қазақстан заңгерлер одағы» Қостанай филиалының мүшесі екендігі айтылды.

Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев өз кезегінде судьялардың VII съезі жетістігінің бірі қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл екенін атап өтіп, Қостанай облысының судьялары тарапынан «Қазақстан заңгерлер одағы» қоғамдық бірлестігіне Қазақстанның мемлекеттілігін, егемендігін нығайту жолында, азаматтардың заңды мүддесі мен бостандығын қамтамасыз етуде барынша қолдау көрсететінін жеткізді.

## Судьялыққа кандидаттар іріктелді

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің мүшесі Ардақ Балағұмарова жергілікті сот төрағалығы мен судьялығына кандидаттарды іріктеуге арналған соттармен өзара іс-қимыл бойынша кеңестің жұмысына және жалпы отырысқа қатысты.

Кеңес мүшелері болып табылатын қоғам қайтаркерлері, Парламент Мәжілісінің бұрынғы депутаттары, журналистер, «Нұр Отан» партиясының мүшелері мен сот жүйесінің ардагерлері кандидаттарды іріктеді және талқылады.

Сот төрағалары мен судьяларының бос лауазымдарына орналасуға өтініш білдірген кандидаттар тізімі алдын-

ала соттың сайтында және облыстық басылымда жарияланған болатын. Бұл жолы Қостанай облысы бойынша конкурсқа жұмыс істеп жүрген судьялар қатысуда.

Кеңес мүшелері мен жалпы отырысқа қатысушылар кандидаттарды талқылау барысында олардың жұмыс көрсеткіштеріне, моральдық қадір-қасиеттеріне, отбасылық жағдайлары мен судьяның мамандануының өзгеру және туған өңірге оралу ынтасына назар аударды.

Жалпы отырыс барысында облыстық сот төрағасы Асламбек Мерғалиев бүгінгідей соттарға қойылатын талаптардың өсуін ескере отырып, судьялыққа кандидаттарды іріктеу кезінде олардың жұмыс сапасы мен жұмыс өтіліне, сонымен қатар заңнамаларды игеру деңгейіне, мінсіз абыройы мен жеке басының қадір-қасиетіне назар аударылатынын баса айтты.

Кандидаттармен кездесу барысында Жоғарғы Сот Кеңесінің мүшесі Ардақ Балағұмарова оларға сот төрелігін жүзеге асыру сапасына қатысты сұрақтар қойып, конкурсқа қатысу себептерін біліп, сот этикасы мәселесіне баса назар аудару керектігін ескертті.

Жалпы отырыс қорытындысы бойынша судьялық бос лауазымдарға орналасуға өтініш білдірген 13 кандидаттың 12-сі оң қорытынды алды. Аталған кандидаттар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің отырысында қаралатын болады.

**Қостанай облыстық сотының  
баспасөз қызметі**



## Курсанттар әділ марапатталды

Сөзімнің басын сонау әлқиссадан бастайын. Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары, Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған.

Ерлік – адам бойындағы батылдықты, батырлықты, ұстамдылықты, табандылықты, қайсарлықты, өжеттікті білдіретін ұғым. Ерлік істеген сәтте адам өзіне өлім қауіп төнсе де тайынбай, рухын жоғары ұстайды. Басына түскен ауыртпалықты мойымай көтеріп, мұны негізгі борышым деп есептейді. Ерлік, көбінесе, қоғамдық мәні бар істерде көрінеді. Сондықтан да ол адамның азаматтық қасиеттерінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Ерлік қоғамдық мәнді мақсаттарды алға қойып, қабылданған шешімді жүзеге асыру барысында айқын көрінеді.

Міне, осы бір мағынада жақында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының курсанттары ерлікке тұрарлық азаматтық іс жасады. Бұл жолы курсанттар адам өмірін ажалдан емес, бейтаныс әйелді ұрының қармағынан аман алып қалды.

Қараша айының аяғы болатын. Күндіз «Динамо» спорт залынан күнделікті жаттығудан шыққан Академияның курсанттары полиция қатарындағы Максим Фаткуллин және Ерден Бибол Қостанай қаласының орталығында орналасқан Орталық әмбебап дүкеніне кіріп, карточкаларынан ақша алғысы келеді. Ойларында ештеңе жоқ курсанттар дүкен ортасында әйелдің құтқарындар деген айқайлаған дауысын естиді. Арттарына жалт қараған курсанттар бір жігіттің қолында ұстаған заты бар жүгіріп келе жатқанын байқайды. Сол сәтте Максим бірден жүгіріп келе жатқан жігітті қабырғаға итеріп, тосқауыл қояды. Жүгіріп келе жатқан жігіт ештеңеге қарамастан тұрып алып әрі қарай қаша жөнеледі. Оның соңынан бейтаныс әйелдің «ұрыны ұстандар, көмектесіндерші» деген сөзін тағы естиді. Сол кезде бірден ұрыны ұстау керектігін түсінген Максим мен Ерден қашып бара жатқан жігітті қуып жетіп, академияда ұстаздарынан үйренген жауынгерлік әдісті қолданып, ұрыны залалсыздандырып, ұстап алады.

Осы кезде дүкенші әйел келіп, облыстық ішкі істер департаментіне телефон шалып, тәртіп сақшыларын шақырады. Дереве келген жедел сақшы қызметкерлері ұрыны ұстап, ерлік жасаған курсанттардың аты-жөнін жазып алып кетеді.

Міне, содан бір айдай уақыт өткен соң, Қостанай облыстық ІІД-нің жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары полиция майоры Құрмет Мажикенов ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы



Қостанай академиясына келіп, салтанатты түрде 4-курс курсанты полиция сержанты Балаби Әлиасқарұлына, 3-курс курсанты полиция қатарындағы Заир Камаловқа, 3-курс курсанты полиция қатарындағы Максим Фаткуллинге және 2-курс курсанты полиция қатарындағы Ерден Биболға жедел профилакториялық іс-шараларда белсенділік танытқаны және жоғарыдағы ерліктері үшін Қостанай облыстық ІІД бастығының атынан мақтау қағаздарын және ақшалай сыйлықтарын табыс етті.

Ауыспалы құрам алдында абыройлары асқақтаған және кішігірім ерлік жасаған полиция қатарындағы Ерден Биболды сөзге тартып, болған істің мән-жайын айтып беруін сұраған едім.

– Қараша айының соңы болатын. Досым Максим екеуіміз күнделікті жаттығудан шығып орталықтағы әмбебап дүкеніне кірдік. Сол жерде қайырымдылық қорынан жиналатын жәшіктегі ақшаны ұрлап қашып бара жатқан жігітті ұстадық. Сосын оларды полиция қызметкерлеріне тапсырдық. Одан кейін бізге алғысын жаудырып дүкенші әйел рахметін айтты. Міне, осылай тағы бір қылмыстың алдын алуға кішігірім көмек көрсеттік. Бар болғаны осы. Біз бұл жасаған іс-әрекетімізді ауыз толтырып айтарлықтай ерлікке баламаймыз. Бұл біздің ел алдындағы міндетіміз деп ойлаймын, – деді сөзін қысқа қайырып Ерден бауырымыз.

Шындығында, соңғы уақыттарда Академияның курсанттары қоғамдық тәртіпті сақтауда белсенділік танытуда.

**Мейрам ОСПАНОВ,**  
**ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының баспасөз хатшысы**

**Суреттерді түсірген Сейітқали КАМАЛОВ**



## Өз әріптестеріне материалдық көмек көрсетті

Қиын өмірлік жағдайға тап болған азаматтық қорғау аға сержанты Ж.А. Нұрмағамбетовке оның әріптестері көмек қолын созды.

«Қостанай облысы ТЖД ӨС және АҚЖҚ» ММ бастығының міндетін уақытша атқарушы Д.С. Полончуктың атына кішкентай қыздың әкесі Жеңіс Нұрмағамбетовтың «Қостанай облысы ТЖД өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ басшылығына және барлық Қостанай облысы өртке қарсы қызмет гарнизонына жүрекжарды алғысын білдірген рапорты келіп түсті.

Кішкентай қыздың есімі Зере. Ол 3 жаста, оның сырқаты орталық жүйке жүйесінің зақымдалуы. 6 қаңтар күні Зере анасымен бірге Алматы қаласына жол жүріп кетті.

Көрсетілген материалдық көмектің жалпы сомасы 236 мың теңгені құрады. Отағасы Жеңіс Нұрмағамбетов пен оның отбасы қиындықты жеңіп шығады және Зереде титтей де болса жазылып кетуге деген мүмкіндік пайда болады деп үміттенеміз.

Өртке қарсы қызмет гарнизонының қызметкерлері бастарына ауыртпалық түскен адамдарға қай уақытта да көмек қолын созуға дайын.

**Қостанай облысы ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ мемлекеттік тіл және ақпарат тобы**

## «Прокурордың 100 кеңесі»

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы және Құқық қорғау органдарының академиясы бірлесіп «Прокурордың 100 кеңесі» атты кітап пен мобильді қосымша жасап шығарды.

Тәжірибелік кеңестердің бұл жинағында күнделікті өмірде жиі туындайтын сұрақтарға жауап беріледі.

Ол 9 бөлімнен тұрады: отбасыңыз үшін 10 кеңес; тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау жайлы 10 кеңес; сіздің бизнесіңіз үшін 10 кеңес; еңбек қатынастары бойынша 10 кеңес; құқық қорғау органдарымен қатынаста қажет 20 кеңес; терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл жөнінде 10 кеңес; алаяқтардан қорғану жайлы 10 кеңес; сот органдарымен қатынастардағы қажет 10 кеңес; өтініш беру кезінде қажет 10 кеңес.

Жинақ Бас прокуратураның сайтында (<http://prokuror.gov.kz/rus/advice>), 115.kz порталында орналастырылған және оны смартфондарға арналған тегін мобильді қосымша түрінде (iOS және Android платформаларында) қолдануға болады.

**Қостанай облысының прокуратурасы**

## Балалар жапа шекті

Қостанайда балалардың оқ-дәрі заряды бар қағаз снаряд (петарда) атамын деп саусақтарынан айырылғаны туралы жергілікті электрондық ақпарат құралдары жазып жатыр.

Жапа шеккен 10 және 13 жастағы балалар облыстық ауруханаға 14 қаңтар күні жеткізілген. Ересегінің жағдайы мүшкілдеу. Бұл туралы облыстық ІІД-не сілтеме жасап «Алау» сайты хабарлайды.

«Полицейлер балалардың белгісіз заттан жарақат алуы туралы дерек бойынша сотқа

дейінгі тергеу амалдарын жүргізіп жатыр. Зерттеу барысында сырттай петардаға ұқсайтын затқа сараптама жүргізілді және оқиғаның себебі анықталды», – делінген ІІД баспасөз қызметі берген мәліметте.

Айтылу бойынша, жарылыс балалардың бірінің бірнеше саусағын жұлып кеткен, бет-аузын қатты күйік алып, көп қан жоғалтқан. Оқиға туралы ақпарат Instagram әлеуметтік желісіндегі «Қостанай ақпелілдерінің клубы» парақшасында да жазылыпты. Жарияланымда жапа шегуші балалардың ата-аналарының

атынан екі жеткіншек түсініксіз кететінін айтып отыр», — деп жазады қостанайлық.

Кейінірек «КН» сайтында ауруханада жатқан балалардың суреттері мен есімдері жарияланды. Саусақтарынан айырылған баланың аты-жөні – Данил Калаткин. Ал 10 жасар жеткіншек – Владислав Морозов. Оның бетін, көзін және мойнын күйік шалған.

«Олар Гашек көшесі маңайынан тауып алған жарылғыш зат петардаға ұқсамайды, граната деп те кесіп айтуға келмейді», – дейді мамандар. Мамандар мәселенің анық-қанығын анықтауда.

## Компания басшыларының ісі сотқа жіберілді

Астана қаласының прокуратурасы үлескерлер қаражатын жымқырған құрылыс компаниялары басшыларына қатысты істі сотқа жолдады, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Астана қаласының прокуратурасы елорда аумағындағы тұрғын үй кешендерінің құрылысына салынған азаматтардың қаржысын жымқыруға қатысты қылмыстық істердің тергелуі барысын қадағалауда. Аталған іс бойынша

Астана қаласы Ішкі істер департаменті тергеу жүргізген болатын. Оның барысында бірқатар компания басшыларына қатысты процессуалды шешім қабылданды. Атап айтқанда, компания басшылары қатарында «Алға Тоқболат» ЖШС (жетекші – Әлжан Е.Ә.), нысан – Тұран – Сығанақ қиылысы); «ҚазГазАстана НС» ЖШС және «Алтын Сапа 2011» ЖШС (жетекші – Ахмедияров Д.К., нысандар – Қошқарбаев көшесі бойынша «Зере» және «Зере-2» ТК), сондай-ақ «НМ Астана Құрылыс»

ЖШС (жетекшілер – Шәкіров Б.Т. және Жағыпаров Н.Т., нысан – Төлебаев көшесіндегі «Арыстан» ТК) бар», – делінген Астана қаласы прокуратурасының хабарламасында.

Бұл кәсіпорын жетекшілерінің әрекеттерін қылмыстық тергеу органы ҚР Қылмыстық кодексінің 189, 190 және 250-баптары бойынша қылмыс деп таныды. Қазіргі уақытта аталған қылмыстық істерді елорда прокуратурасының органдары Астана қаласының сотына жіберді.

**Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru**